



Автор: Уәли Әсел Қайрханқызы

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат

Тақырып: Ілияс Жансүгіров "Құлагер" поэмасы.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.1.1- Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.2.1.1-Эпикалық, поэтикалық, драмалық, мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Шығармаға композициялық амалдар арқылы сюжеттік-композициялық талдау жасай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Композициялық амалдарды анықтай алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Әдеби шығармадағы композициялық амалдарды анықтауда, поэтикалық мәтінге талдау жасау барысында өз бетінше тұжырым жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады. Эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдай алады. Теңеулер мен эпитеттер: тау суындай, жүйріктей бабындағы жүгір, желіндей қуаныштың, жеделдей соқ, күйіндей, суындай, өрен жүйрік, қақпай күйбік; Талқылау сұрақтары: - Қандай әсерге бөлендіңдер? - Ақан өлеңде Құлагерді қалай сипаттайды? - Ақан сері бұл әнді жазу барысында қандай көңіл-күйде болды?
Күтілетін нәтиже:	- сабақ барысында талқылау сұрақтар қою арқылы өткен тақырыптарды естерінде сақтай біледі; • - білім алушылар сабақ барысында сюжеттік-композициялық және сатылай кешенді талдау жасап үйренеді; • білім алушылар поэманың идеясын тауып, мазмұнын аша алады.
Бағалау критерийлері:	- Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды. - Поэтикалық мәтіндегі композициялық амалдарды талдайды.
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сыни-тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау қабілеті, жауапкершілік.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет желісінен, кесте, суреттер Аудиожазба «Құлагер» әні. https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/iliyas-zhansugirov-qulager-poehmasy-korkemdigi-tili-adebi-tarixi-mani Оқулық, хрестомати, постер, маркер, А3. Интербелсенді тақта, графикалық органайзер, үлестірмелі материалдар (Ас, Туған жер, Ақан бөлімдері)
Пәнаралық байланыс:	география, музыка
Бастапқы білім:	"Құлагер" поэмасы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 минут)	Ұйымдастыру. Оқушыларды түгендеу. Үй тапсырмасын тексеру. ББҮ әдісі білемін білгім келеді үйрендім Соңғы бағанды, білгім келеді бағанымен салыстыру. "Сурет арқылы топқа бөлу" әдісі. Тақырыпты болжайды. (Құлагер, Көкшетау, Домбыра) 1-топ. Құлагер 2-топ. Көкшетау 3-топ. Домбыра Ширату жаттығу. Аудиожазбаны тыңдау. ҰЖ. Ақан серінің "Құлагер" әнін мұқият тыңдап отырыңыздар. Ой қозғау. Талқылау сұрақтары: - "Құлагер" әнін тыңдауда қандай әсерге бөлендіңдер? - Ақан өлеңде Құлагерді қалай сипаттайды? - Ақан сері бұл әнді жазу барысында қандай көңіл-күйде болды? Оқу мақсаты мен бағалау критерийімен таныстыру.	Интернет желісінен, кесте, суреттер Аудиожазба «Құлагер» әні.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	ТЖ. "Аялдамадағы бекет" әдісі. 1-тапсырма. Графикалық органайзерге сүйене отырып, шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасаңыз. Әр топтан бір оқушы келесі топқа барып, жұмыстарымен таныстырсын. 1-топ. Ас бөлімі. 2-топ. Туған жер бөлімі. 3-топ. Ақан бөлімі. Дескриптор: 1. Үлгі құрылымына сүйенеді. 2. Сюжеттік-композициялық талдау жасайды. Үлгісі. 1. Оқиғаның басталуы. 2. Оқиғаның дамуы. 3. Оқиғаның байланысуы. 4. Оқиғаның шиеленісуі. 5. Оқиғаның шарықтау шегі. 6. Оқиғаның шешімі ТЖ. 2-тапсырма. Шығармаға сатылай кешенді талдау жасап, поэтикалық композициялық амалдарын анықтаңыз. 1-топ. Ас бөлімі. 2-топ. Туған жер бөлімі. 3-топ. Ақан бөлімі. «Әдебиет лотосы» кестесі. Авторы Бөлім атауы идеясы Жанр түрі шумақ тармақ бунақ Ұйқас түрі Әдеби-теориялық ұғымдар Дескриптор: 1.Бөлім мазмұны негізге алып, кестені толтырады. 2.Сатылай кешенді талдауды орындайды. 3. Поэтикалық композициялық амалдарын анықтайды. Кері байланыс ББҰ әдісінің Үйрендім бағанын толтырады. білемін білгім келеді үйрендім Соңғы бағанды, білгім келеді бағанымен салыстыру.	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/iliyas-zhansugirov-qulager-poehmasy-korkemdigi-tili-adebi-tarixi-mani Оқулық, хрестомати, постер, маркер, АЗ. Интербелсенді тақта, графикалық органайзер, үлестірмелі материалдар (Ас, Туған жер, Ақан бөлімдері)
Сабақтың соңы (3 минут)	Қорытындылау. ЖЖ. "1-3-1" әдісі арқылы сабақты қорыту. Дескриптор: 1.Поэманың негізгі идеясына 1 сөйлем жазады. 2.1 сөйлемдегі ойды ашатын 3 сөйлем жазады. 3.Ойды қорытындылауға 1 сөйлем жазады.	
Рефлексия (7 минут)	Рефлексия. ЖЖ. "3-2-1" әдісі. Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат 1. 2. 3. Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті 1. 2. Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет 1.	Кестелер